

"Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 4 қараша N 186

1-бап. "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 348-құжат; 1994 ж., N 8, 140-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; 1997 жылғы 3 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

5-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймаққа Ақтөбе облысының Байғанин, Ырғыз, Мұғалжар (бұрынғы Мұғаджар ауданының елді мекендері шекарасының шегінде), Темір аудандарының; Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс (оның ішінде Арыс қаласы), Отырар, Созақ, Шардара аудандарының және Түркістан қаласының, сондай-ақ Қарағанды облысының Ұлытау ауданының (бұрынғы Жезқазған облысының Жезлі ауданының елді мекендері шекарасының шегінде) аумақтары кіреді."

2-бап. Осы Заң 1997 жылғы 17 маусымнан бастап күшіне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті